

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

3. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының 2019 жылғы қаржылық есептілік. [https://tks.kz/wp-content/uploads/2020/03/Consolidated-Tau-Ken-Samruk-JSC-YE2019\\_KAZ.pdf](https://tks.kz/wp-content/uploads/2020/03/Consolidated-Tau-Ken-Samruk-JSC-YE2019_KAZ.pdf)

4. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының 2020 жылғы қаржылық есептілік. [https://tks.kz/wp-content/uploads/2021/03/KAZ\\_ConsTau-Ken-Samruk-JSC-YE2020.pdf](https://tks.kz/wp-content/uploads/2021/03/KAZ_ConsTau-Ken-Samruk-JSC-YE2020.pdf)

5. «Тау – Кен Самұрық» акционерлік қоғамының 2021 жылғы қаржылық есептілік. [https://tks.kz/wp-content/uploads/2022/04/ConsTau-Ken-Samruk-JSC-YE2021\\_KAZ.pdf](https://tks.kz/wp-content/uploads/2022/04/ConsTau-Ken-Samruk-JSC-YE2021_KAZ.pdf)

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰАҚ» АҚ ҚАУЫМДАСҚАН МЕКЕМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ

**Комекбаев Ерболат Ерболулы**

erbolat03kz@mail.ru

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: Жахметова А.К

“Қазақстан инжиниринг” ҰАҚ” АҚ 2003 жылы 13 наурызда республикамыздың қорғаныс мәселелеріне байланысты және ҚР Қорғаныс министрлігінің жүйесін арттыру мақсатында құрылды.

Біздің зерттеу жұмысымыз «Қазақстан Инжиниринг» ҰАҚ» АҚ (бұдан кейін – КазИнжиниринг АҚ) шоғырландырылған қаржылық есептеріне сүйеніп инвестицияларына талдауды жүргіземіз. Инвестиция деп пайда алу үшін және меншікті капиталды молайту үшін белгілі бір шаруашылық жүргізуші субъектіге салынатын қаражатты айтамыз.

Акционерлік қоғамның жалпы қызметі ҚР Қарулы Күштерінің әскери сапасы мен құрылымының қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылу болып саналады, сондай –ақ еліміздегі машина жасау саласында мемлекеттік және әртүрлі салалық бағдарламаларды орындауға қатысатын монополия саналады. [3]

Сонымен қатар, компанияның құрамына 22 бірлескен еншілес ұйымдары кіреді, оның ішінде 13-і акциялар үлесінің 50%-дан жоғары үлесін иеленсе, 4-еуі 50%-ын иеленеді, ал қалған 5-еуі қатысу үлесінің 50%-дан кемін иеленеді.

Кесте – 1

Еншілес ұйымдар қызметінің 2020-шы жылғы операциялық және қаржылық көрсеткіштерінің кестесі (мың тг)

ЕҰ атауы	Өнімнен түскен кіріс	Қаржылық нәтижесі	Еңбектің өнімділігі	Қызметкер саны
Корпоративті орталық	64 447 100	1 195 052	749 385	86
Тыныс акционерлік қоғамы	6 269 306	216 429	8 541	734
ПАМЗ акционерлік қоғамы	1 702 628	-1 304 442	1 915	889
Киров атындағы зауыт АҚ	17 745 405	466 785	31 916	556
Зенит ОЗ акционерлік қоғамы	4 737 888	50 821	5 871	807
Мұнаймаш акционерлік қоғамы	3 209 997	129 922	22 292	144
Гидроаспал акционерлік қоғамы	527 802	31 814	4 291	123
Семей инжиниринг акционер қоғ	11 581 349	1 422 600	31 730	365
Семей машина жасау зауыты	1 793 247	-604 024	10 189	176

С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты акционер.қоғамы	3 364 872	665 740	10 750	313
Қазинжиниринг 811 автожөндеу зауыты акционерлік қоғамы	845 723	22 786	6 932	122
Қ.И R&D орталығы ЖШС	130 407	2 662	13 041	10
Қазтехнологиялар акционерлік қ.	776 531	-167 571	3 595	216
Қ.Инж Электроникс ЖШС	72 182	229 046	9 023	8
Ескертпе: [1] пайдаланылған көздер негізінде жасалған				

1-кестеге зер салсақ, онда өнімнен түскен кірістен бастап қызметкерлер санына дейін көрсеткіштер берілген. Бұл компанияның ауқымды деген еншілес ұйымдарының нәтижелері. Өнімнен түскен кіріс бойынша жоғары көрсеткішке ие еншілес ұйымдар Киров атындағы зауыт АҚ және Семей инжиниринг АҚ болса, қызметкерлер саны бойынша ПАМЗ АҚ, Тыныс АҚ және Зенит АҚ атасақ болады.

Сонымен қатар, тізімде қаржылық нәтижелер бойынша теріс мәнге ие еншілес ұйымдар да бар, оларға ең көп қызметкері бар ПАМЗ АҚ, Семей машина жасау зауыты және Қазтехнологиялар АҚ жатады. Яғни олардың кірісінен қарағанда шығындарының көп болуы осындай нәтижеге алып келіп отыр.

Сондай -ақ, компанияның бағалы қағаздары бар, олардың жария және орналасқан акциялар саны, оның ішінде:

- Жай акциясы – 57 149 405 дана;
  - Артықшылықты акциялар – жоқ
- Бір акцияның құны 1000 теңгені құрайды.

Енді компанияның қаржылық жағдайына тоқталсақ, төменде активтер мен міндеттемелер жиынының 2018-2020 жылдық көрсеткіштері берілген.

Кесте-2


2018-2020 жылдардағы активтер мен міндеттемелер жиыны көрсеткіштерінің мөлшерлемесі

№	Активтері	2018(мың тг)	2019(мың тг)	2020(мың тг)
1	Айналымнан тыс активтері	28 103 547	28 519 782	59 519 134
2	Ағымдағы активтері	36 369 608	86 819 181	83 238 497
3	Сатуға арналған активтер	4 305 257	4 305 257	104 391
	Активтердің жиыны	68 778 412	120 644 220	143 186 022

Ескертпе:[1] пайдаланылған көздер негізінде жасалған

Осы мәліметтер негізінде активтер мен міндеттемелер динамикасын келесі суретте қарастырайық

Көрсеткіштерге зер салсақ, айналымнан тыс активтер үлесі алғашқы екі жылы шамалас, ал соңғы 2020-шы жылы күрт өсімі байқалады. Оның себебі Акционерлік қоғам осы жылы жаңадан құрылыс бастауын айтсақ болады. Яғни баланста өте үлкен сомда аяқталмаған құрылыс тіркелген, соның әсерінен активтер көлемі екі есе өсіп кеткендігін анықтадық.



1 – сурет 2018-2020 жылдардағы активтер мен міндеттемелер жиыны көрсеткіштерінің мөлшерлемесі

Сонымен қатар, ағымдағы активтер көлемінде де сондай жайт байқалады, ол ақша қаражаты мен оның эквиваленттеріненде, оның ішінде өтеу мерзімі үш айдан аз банктік депозиттер үлесінің артуы әсер етті.

Келесі, сатуға арналған активтер көлемінің үлесінің соңғы жылы өзгерісі байқалады. Яғни активтерінің біршама бөлігінің шығуымен сипаттаймыз. Сондай – ақ, қоғамның қауымдастырылған мекемелерге арналған инвестициялары туралы кестені қарастырамыз.


### Кесте–3

#### Қауымдастырылған мекемелерінің инвестицияларының көрсеткіші

№	Қауымдасқан мекемелері	Иелену үлесі,%	2018 (мың тг)	Иелену үлесі,%	2019 (мың тг)	Иелену үлесі,%	2020(мың тг)
1	Қазақстан авиациял индустрия ЖШС	50%	792 187	50%	1 393 702	50%	1 246 378
2	Қаз. ASELSAN инжи. ЖШС	50%	3 394 480	50%	2 956 627	50%	3 869 364
3	Еврокоптер Қаз. Инжи. ЖШС	50%	1 100 738	50%	1 746 540	50%	2 034 006
4	Камаз-Инжи.Акцио.қоғ	50%	255 211	25%	927 402	0%	-
5	Өзге деАҚ	49%	53 340	25%	-	0%	15 821
	Барлығы		5 595 956		7 024 271		7 165 569

Ескертпе: [1] дерек көзі негізінде жасалған

Осы 3-кестеде қауымдастырылған мекемелердің иелену үлесіне мән беруіміз керек, ол дегеніміз көрсетілген мекемелерге салынған инвестициялардың және одан түскен пайданың КазИнжиниринг АҚ-на тиесілі бола алатынын көрсетеді.



2 – сурет Қауымдасқан мекемелерге арналған инвестицияның көрсеткіші.

Сондай-ақ мекемелердің ішіндегі Камаз-Инжиниринг АҚ-ның және өзге де қауымдасқан мекемелерге салынған инвестициялардың үлестері соңғы жылы жойылып кеткенін байқаймыз, себебі ол мекемелер КазИнжиниринг АҚ-ы үшін маңызды экономикалық пайда әкеле алмауынан және кейбір мекемелердің негізгі құрал жабдықтарының ескіріуінен олардың жұмыстарын жарамсыз деп тануынан байланысты орын алған.

Бұл диаграмма аталған үш жылға арналған 2-ші кестедегі қауымдастырылған мекемелерге арналған инвестицияларының көрсеткіші.

Мәндерінің үш жылда өсімі байқалады. Өсіресе ең көп үлестегі Қазақстан ASELSAN инжиниринг ЖШС. Бұл қауымдасқан мекемелердің пайда сомасының белгілі бір пайызы КазИнжиниринг АҚ-ның кірісі саналғандықтан, олардың жұмыс барысына, қаржылық жағдайына және өндірілген өнім сапасы мен құны біздің қарастырып отырған компаниямыз үшін өте маңызды. Келесі кестеде, аталған қауымдастырылған мекемелердің қаржылық жағдайы туралы жазылған.

Кесте – 4

2018-2020 жылдары КазИнжиниринг АҚ қауымдастырылған мекемелердің қаржылық жағдайы туралы ақпарат

Көрсеткіштері	Қаз. авиация индустриясы ЖШС	Қаз. ASELSAN инжиниринг ЖШС	Камаз Инжи. АҚ
2020 (мың тг)			
активтер	23 107 682	16 389 891	8 241 035
міндеттемелер	21 368 453	6 052 936	2 224 987
2019 (мың тг)			
активтер	23 341 050	15 063 046	8 090 412
міндеттемелер	19 079 067	8 445 651	2 561 808
2018 (мың тг)			
активтер	20 516 785	13 440 308	7 658 883
міндеттемелер	16 278 997	6 870 987	3 067 345
Ескертпе: [1] пайдаланылған көздер негізінде жасалған			

Оның өзгерісі туралы келесі суретте көрсетілген.

